

Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің түрлері мен тәртібін, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшерін айқындау туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Қызылорда қаласы әкімдігінің 2018 жылғы 23 қаңтардағы № 10232 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 8 ақпанда № 6164 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қызылорда қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 19 шілдедегі № 13832 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қызылорда қаласы әкімдігінің 19.07.2019 № 13832 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңына сәйкес Қызылорда қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қызылорда қаласында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің түрлері мен тәртібі, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшері айқындалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қызылорда қаласы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда қаласының әкімі

Н. Нәлібаев

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қызылорда облысының ішкі істер Департаменті Қызылорда қаласының ішкі істер басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бастығы
_____ Д.С.Беркімбаев

"23" қаңтар 2018 жыл

Қызылорда қаласы әкімдігінің 2018 жылғы
23 қаңтардағы №10232 қаулысына
қосымша

Қызылорда қаласында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің түрлері мен тәртібі, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшері

1. Көтермелеудің түрлері

1. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің түрлері:

- 1) алғыс жариялау;
- 2) грамотамен марапаттау;
- 3) ақшалай сыйақы беру.

2. Көтермелеудің тәртібі

2. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеу мәселелерін Қызылорда қаласы әкімдігімен құрылатын қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеу жөніндегі аудандық комиссия (бұдан әрі - Комиссия) қарайды.

3. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге белсенді қатысатын азаматтарды көтермелеу туралы ұсынымды Комиссияға қарауға "Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрілігі Қызылорда облысының ішкі істер департаменті Қызылорда қаласының ішкі істер басқармасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Ішкі істер басқармасы) енгізеді.

4. Комиссия қабылдайтын шешім көтермелеу үшін негіз болып табылады.

5. Ақшалай сыйақыны төлеу Комиссия қабылдаған шешімге сәйкес, қосымша Ішкі істер басқармасы бастығының бұйрығы шығарылады.

6. Көтермелеу түрлерін, соның ішінде, ақшалай сыйақы мөлшерін, көтермеленушінің қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қосқан үлесін ескере отыра, Комиссия белгілейді.

7. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысқан азаматтарға көтермелеу шараларын Ішкі істер басқармасы салтанатты жағдайда жүзеге асырады.

3. Ақшалай сыйақының мөлшері

8. 10 айлық есептік көрсеткіштен аспайтын мөлшердегі ақшалай сыйақы.

9. Ішкі істер басқармасы ақшалай сыйақыны төлеуді облыстық бюджет қаражаты есебінен жүргізеді.